

2010 жылғы 11 тамыздағы № 21-5 "Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Қағидасын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Батыс Қазақстан облысы Бөрлі аудандық мәслихатының 2012 жылғы 18 сәуірдегі № 3-10 шешімі

Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес, Батыс Қазақстан облысының әділет департаментінің 2012 жылғы 2 сәуірдегі № 4-1382 Заңды бұзуды жою туралы ұсынысын қарап, Бөрлі аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Бөрлі аудандық мәслихатының "Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Қағидасын бекіту туралы" 2010 жылғы 11 тамыздағы № 21-5 (2010 жылдың 14 қыркүйегінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7-3-102 нөмірмен тіркелген және "Бөрлі жаршысы-Бурлинские вести" газетінің 2010 жылғы 24 қыркүйекте № 76 жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім қабылданған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

М. Пак

Аудандық мәслихат

хатшысы

А. Куликешев